

5B030100 - Құқықтану мамандығының білім беру бағдарламасының бітірушілері меңгеруі тиіс негізгі құзыреттер

Құзыреттіліктердің түрі	Қалыптасатын құзыреттіліктер	Зерттеу кезінде қалыптасатын құзыреттіліктер
Ана тілі саласындағы құзыреттіліктер	Тілдің ауызша және жазбаша түрлері, заң тілінің барлық деңгейлерінің: фонетикалық, лексикалық, грамматикалық, құрылымдық ерекшеліктерін, терминологиясын білу және түсіну керек. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тілді жетілдірудің қажетті шарты ретіндегі Қазақстанда ана тілін жақсы меңгерген бәсекелестікке қабілетті маманға деген қоғамның сұранысымен болашақ заңгер студенттердің тілдік қатысымын дамытудың қажеттілігін қалыптастыру.	Кәсіби тілдер және мемлекеттік құқықтық модулі
Шет тілдері саласындағы құзыреттіліктер	Шет тілдері саласында – Орыс, шетел тілдерін оқыту мақсаты мен міндеттері, негізгі түсініктері, даму тарихы мен қазіргі жағдайы туралы игеру керек. Орыс, шет ел тілдерінің жүйесін, құрылымы мен қызметін, тіл жүйесінің негізгі категорияларын, олардың деңгейлік құрылысын, фонетикалық және лексика – фразеологиялық жүйелердің өзгешелігін, қазіргі әдеби тілдердің грамматикалық құрылысын біліп, кәсіби қызметінде қолдана білу керек. Заң мәтіндерінің шет тілдеріндегі құрылымдық және логикалық құрылуының сондай ақ дағдылар мен машықтарды	Коммуникативті модулі

	игеру.	
Іргелі математикалық, жаратылыстану-ғылыми және техникалық дайындық бойынша құзыреттіліктер	Оқу және ғылыми мақсаттарда жоғары жетістіктерге жету және әлеуметтік даму саласында сараптама жасау маман ретінде қажетті жаңа ақпараттарды қолдану үшін өз бетінше ғылыми іздену жұмыстарын жүргізу керек. Өзінің қызмет саласында кәсіби қарым-қатынасқа түсу үшін жеткілікті кәсіби, ғылыми-техникалық құзыреттер туралы түсінік қалыптастыру. Проблемалық міндеттерді шешу үшін қолдану барысында студенттер өз бетінше іздену-зерттеу қызметінің дағдылары, машықтары мен құзіреттерін қалыптастыру керек.	Кәсіби практика
Компьютерлік бойынша құзыреттіліктер	Құқықтық қызмет саласында ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды қолдана білу керек. Білім беру саласында инновациялық-технологиялық үрдісті жүзеге асыру, қазіргі заман талабына сай техниканың жаңа талаптарын орындау, сондай-ақ ақпараттық технологияларды, техниканы жетік меңгере білу керек	Іс жүргізу құқықтық модулі, Криминология және сот дәлелдеу теориясы модулі
Оқу бойынша құзыреттіліктер	Мемлекет, құқық, нормативтік-құқықтық актілер, құқықсубъектілік, азаматтылық, қылмыс, қылмыстық құқық бұзушылық т.б негізгі ұғымдар мен терминдердің мазмұнымен таныс болу керек. Құқықтық	Ақпараттық – тарихи модулі, Қылмыстық – құқықтық модулі, Халықаралық – құқықтық модулі, Құқық салаларының негіздері және әкімшілік құқықтық модулі, Сот

	<p>сауаттылығын арттыру керек. Қазақстанның қоғамдық өмірінде болып жатқан оқиғаларда дұрыс бағдар жасау қабілетін жаттықтыру. Нормативтік құқықтық актілерді дұрыс талқылау және қолдану дағдысын дамыту керек.</p>	<p>жүйесі және қылмысты саралау модулі, Қылмыстық құқықтық қызмет модулі</p>
<p>Әлеуметтік (тұлғааралық, мәдениетаралық, азаматтық) құзыреттіліктер</p>	<p>Әлеуметтік құрылым туралы, әлеуметтік процесстер мен әлеуметтік институттар – қоғам дамуының өте маңызды элементтері ретінде, әр түрлі әлеуметтанулық бағыттар мен мектептер, жинау әдістемесі және әлеуметтік ақпараттарды өңдеу жөнінде жүйеге келтірілген білімдерді алуға бағытталған. Студенттерге теориялық білім мен практикалық дағдыларды ұтымды үйлестіру негізінде құқықтық жүйенің дамуын меңгерту. Сонымен бірге, қоғам мен адамның қарым-қатынастары, олардың мүдделерін, мұқтажын шешу, олардың құқықтары мен бостандықтарын шектеу, адам тағдырына әсер ететін шешімдерді қабылдауды заң мамандығының негізінде танысып білу керек.</p>	<p>Қоғамдық әлеуметтік модулі, Азаматтық құқықтық модулі, Табиғи – құқықтық модулі, Азаматтық құқықтық қызмет модулі</p>
<p>Кәсіпкерлік, экономикалық құзыреттіліктер</p>	<p>Нарыққа өту жағдайында экономикалық теорияның практикалық функциясы елеулі күшейді. Шаруашылық жүргізу механизмінің радикалды реформасы экономикалық теория алдында жаңа міндеттер ұсынды. Қазіргі экономикалық дамудың ерекшеліктеріне сүйене отырып, өмірдің өзі қойған сұрақтарына жауап беру қажет.</p>	<p>Кәсіпкерлік – нотариаттық модулі, Қаржылық – құқықтық модулі</p>

<p>Мәдени, сондай-ақ қосымша қабілеттер</p>	<p>Сын тұрғысынан ойлау, креативті, /шығармашылық/, инновациялық өлшем, белсенді өмірлік ұстаным.</p> <p>Интеллектуалдық, моральдық-адамгершілік, коммуникативтік, ұйымдастырушылық - басқарушылық дағдыларын дамытуға ұмтылуы керек.</p> <p>Қазіргі ақпарат мүмкіндіктерін пайдалана отырып, жаңа білімді меңгеруі тиіс. Теория мен тәжірибе негізінде білім алушылар бойында құқық қорғау органдары қызметкерінің мәдениетіне сәйкес келетін әдептілік туралы білім жүйесін қалыптастыру.</p>	<p>Тарихи және шет мемлекеттік-құқықтық модулі, Заң қызметі модулі, Дене шынықтыру модулі</p>
---	---	---